

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі білім беру бағдарламаларының студенттері, магистранттары және докторанттары арасында өткізілетін Jetisu Startup байқауының ережесі

1.1 Байқаудың мақсаты мен міндеттері

1.1.1 Байқаудың мақсаты:

- студент, магистрант, докторанттардың ғылыми-инновациялық қызметін насихаттау және ынталандыру;
- перспективалық зерттеулер мен әзірлемелерді дайындау, дарынды жастарды анықтау және қолдау үшін ұйымдастырушылық жағдай жасау.

1.1.2 Байқаудың міндеттері:

- университеттің жаңашыл жастарын ынталандырудың озық механизмдерін жасау және ұйымдастыру;
- инновациялық идеялар мен әзірлемелерді дайындауға бағытталған үдерістерді ынталандыру;
- инновациялық жобаларды ұйымдастыру және қаржылық қолдау арқылы жастарды инновациялық қызметке жаппай тартуды ынталандыру;
- жастардың кәсіби шеберліктерін шыңдау, байқауларға қатысу тәжірибесін кеңейту.

1.2 Жобаларға және байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

1.2.1 Байқауға 29 жастан аспайтын (конкурсқа қатысу туралы өтініш қаралған күнді қоса алғанда) студент, магистрант, докторанттар және жаңашыл жастар қатыса алады.

1.2.2 Қатысушы байқауға өз атынан бірнеше жоба ұсына алады.

1.2.3 Байқаудың шарттары мен талаптары сақталмаған жағдайда қатысушы конкурстық комиссияның шешімі бойынша байқауға қатысудан шеттетіледі.

1.3 Байқауды ұйымдастыру

1.3.1 Байқауға ұсынылған инновациялық жобаларды сараптау үшін Конкурстық комиссия құрылады (бұдан әрі - Комиссия).

Комиссияға келесі қызметтер жүктеледі:

- байқауға қатысуға жіберу немесе жібермеу туралы шешім шығару;
- бағалау критерийлеріне сәйкес қатысушылардың жобасын сараптамадан өткізу;
- байқау қатысушыларынан шағым түскен жағдайда нәтижелер жарияланғаннан кейін бірден қарастыру.

1.4 Байқауды өткізудің мерзімі мен тәртібі

1.4.1 Тіркеу.

Өтінімдер Талдықорған қаласы «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі І.Жансүгіров көшесі 187А мекенжайына немесе g.chukenaeva@zu.edu.kz электронды поштасына белгіленген үлгіге (Қосымша А, Б) сәйкес екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде жолданады.

Конкурстық комиссия байқауға ұсынылған материалдарды тіркеудің дұрыстығы мен олардың осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

1.4.2 Жобаларды қорғау.

Байқауға қатысушылар өз жобасын комиссияның қатысуымен қорғайды. Жобаларды қорғау барысында қатысушылар төмендегідей мәселелерді ашуы қажет:

- жобаның мақсаты мен міндеттері;
- жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері, күтілетін нәтижелер (нақты инновациялық өнім);
- жобаның жаңашылдығы;
- жобаның бизнес компоненті;
- бәсекелестер.

ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

1. РЕГЛАМЕНТ: 5 мин. (ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ)

2. Үлгіге сәйкес Презентация (қоса беріледі)

3. Презентацияда бірыңғай логотип қолданылады (қоса беріледі)

ЕСКЕРТУ: электрондық презентациямен қатар, макеттер мен басқа да ақпараттық материалдар пайдалануға болады (бұл бағалауда үлкен артықшылық ретінде ескеріледі)

Жоғары мектепішілік байқау қорытындысы бойынша үздік 5 жобаға университеттің Jetisu Startup конкурсына жолдама беріледі.

1.5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.5.1 Байқауға ұсынылған ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік жұмыс авторына / авторларына жүктеледі.

1.5.2 Байқауға келесі жобалар қатыса алмайды:

- Осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін;
- Байқауға оны өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кейін түскен өтінімдер.

1.5.3 Қатысушы жобаның сипаттамасын байқауға жібере отырып, онда қамтылған ақпарат коммерциялық, мемлекеттік немесе басқа құпияларды қамтымайтындығын растайды және Байқауды Ұйымдастырушылардың жобаға қатысты ақпаратпен үшінші тұлғалармен бөлісуге (соның ішінде инновациялық жобаларды ақпарат дерекқорына орналастыруға) рұқсатын береді.

1.5.4 Комиссия байқаудың жеңімпаздары туралы шешім қабылдау үшін жобаларды зерттеу, салыстыру және негіздеу туралы ақпаратты қатысушыларға ұсынбайды.

1.5.5 Байқауға жіберілген жобалар қайтарылмайды.

**«Jetisu Startup»
байқауына қатысу үшін
ӨТІНІШ**

1.	Жоба туралы жалпы ақпарат	
1.1.	Жобаның атауы	
1.2.	Жоба авторы (жеке куәлік бойынша толық аты-жөні)	
1.2.	Жоба жетекшісі (жеке куәлік бойынша толық аты-жөні)	
1.2.1.	Жұмыс орны / оқу орны	
1.2.2.	Лауазымы / студент / магистрант/ докторант / оқытушы	
1.2.2.	Жоғары мектеп, білім беру бағдарламасы, топ	
1.2.3.	Жасы	
1.2.4.	Телефон нөмірі	
1.2.5.	e-mail	
1.3.	Түйін сөздер (10 сөзден артық емес)	
2.	Жобаның ғылыми-техникалық сипаттамасы	
2.1.	Б қосымшасына сәйкес жобаның жаңашыл идеяларына негізделген қысқаша сипаттамасы (2 беттен артық емес)	
	1. Өзектілігі 2. Мәселесі 3. Инновациялылығы 4. Күтілетін/алынған нәтижелер	
2.2.	Даму кезеңі	
2.3.	Аналогтармен салыстыру	
3.	Жобаны коммерцияландыру	
3.1.	Бизнес-жоспардың болуы	
3.2.	Әлеуетті тұтынушылар	
3.3.	Бәсекелестік артықшылықтары	
4.	Жобаны іске асыру жолдары (жоба бойынша іс-шаралар жоспары)	
5	Шығыстар сметасы (жоба үшін қанша қаржыландыру қажет)	

Жоба жетекшісі

аты-жөні

Жобаның орындаушысы

аты-жөні

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

жоба тақырыбы

Критерийлер	Бағалау				
	1	2	3	4	5
1. Инновациялылық					
2. Идеяның жаңалығы мен өзектілігі					
3. Жобаның инвестициялық тартымдылығы					
4. Жобаны коммерциализациялау деңгейі					
5. Белгілі бір өңір үшін жобаның әлеуметтік-экономикалық маңызы					

Ескертпе:

5 – өте жоғары баға

4 – жоғары баға

3 – қанағаттанарлық баға

2 – төмен баға

1 – өте төмен баға